

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

избыточной синонимии в языке. Также следует отметить тот факт, что далеко не все вновь заимствованные слова находят отражение в издаваемых словарях, что говорит о недостаточно оперативной деятельности соответствующих лингвистических организаций.

Наряду с тем, что в любом языке мира существуют заимствования из других языков, всегда необходимо соблюдать определенную пропорцию в использовании слов родного языка и иностранных языков. Несмотря на активное освоение лексических заимствований в современном турецком языке пока сложно говорить о стабильности иноязычных слов в лексическом составе языка, а также об их устойчивости с точки зрения их употребления литературной речи.

Современный словарный запас турецкого языка менялся и дополнялся на протяжении многих веков и сейчас имеет в своем запасе большое количество слов, которые также оказали неоднозначное влияние на формирование его лексического состава. Но, несмотря на это, турецкий язык не превратился в некоего «гибрида» и никоим образом не потерял свою самобытность.

Список использованных источников:

1. Ergin M. Türk dili. –İstanbul. -1990.
2. Тенишев Э.Р. Языки мира: Тюркские языки. – Бишкек: Издательский Дом «Кыргыстан». 1997. – 543 с.
3. Назарова Г.Ш. Лексикология современного турецкого языка. – Т.: Изд-во ТашГИВ. 2002. – 72 с.
4. Володина Е.Г. Лексические заимствования из английского языка в современном турецком языке(на материале периодики) // Дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.22, Москва, 2007. – 151 с.

ӨОЖ 626.81:327

СУ МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ

Касенова Жанна Маратовна

zhannakassenova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті шығыстану
кафедрасының 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ильясова З.С.

Су жер бетінің 70% бөлігін алып жатқанымен, оның 97,5%-ы тұзды, ал қалған 2,5%-ы тұщы. Алайда, 2,5% тұщы судың едәуір бөлігі мұздықтарда орналасуы себепті, небәрі 1%-ы ғана ауыз су және ауылшаруашылық мақсаттарда қолдануға жарайды. Судың осынша аз мөлшеріне XX ғасырдағы бірқатар факторлар, атап айтқанда жер тұрғындарының санының күрт өсуі, тұтынылатын азық-түлік көлемінің ұлғаюы, өнеркәсіптің дамуы, урбанизация, биологиялық отынның кең қолданысқа ие бола бастауы, ауа-райының өзгеруі әсер етіп, «су тапшылығы», «су дағдарысы» деген тақырып күн сайын өршіп келеді [1, 19 б].

Қазіргі таңда әлемдік деңгейдегі су дағдарысы тақырыбы жыл өткен сайын өзекті мәселелердің біріне айналып келеді. Әсіресе, тұщы судың жетіспеушілігі, судың сапасының төмендеуі мәселесі әлемдік қауымдастықтың назарын өзіне аударып отыр. Осы күрделеніп келе жатқан мәселенің алдын-алу үшін, оның оңды шешімін табу жолдарын қарастыру үшін көптеген халықаралық ұйымдар мен бірлестіктер әрқелкі шаралар қолданып келеді. Бұл мәселеге әлемдік саясат факторларының бәрі де ерекше көңіл бөледі деуге болады, ал халықаралық ұйымдар мен әрқелкі бірлестіктердің бұл мәселені шешу жолындағы қолға алып отырған әрекеттерінің алар орны ерекше. Жалпы, су мәселесі болсын, өзге де әлемнің назарын аударып отырған жалпыға ортақ мәселелер болсын, халықаралық ынтымақтастық саласындағы негізгі орынды БҰҰ мен оның әрқелкі салалары алады.

Бүгінде, заманауи информациялық технологиялардың кең етек жайып, дамыған дәуірінде әлемдік қауымдастық ресурстар мәселесіне көбірек көңіл бөле бастағанын байқауға болады. Жақын болашақта ресурстардың сарқылуы – адамзаттың тұрақты дамуына төніп тұрған қатерлердің бірі. Бұл өзалдына бірқатар елдердің тұрақтылығы мен бейбіт түрде дамуына кері әсерін тигізуі ықтимал. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы 12 қыркүйекте өткен ШЫҰ-на мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шағын құрамдағы отырысы барысында су тапшылығы мәселесі тұрақтылық пен қауіпсіздікке ықпал ететін салмақты проблема екенін атап өткен болатын [2]. Ресурстар тапшылығы – әлемдік саясаттағы экологиялық бағыттың үлкен бір саласы ретінде қарастырылады. Сондықтан да, сарапшылар мен саясаткерлер мұнай және су ресурстарын халықаралық бәсекелестік пен талас-тартыстың нысанына айналады деп санайды [3, 391 б].

Әлемдік қауымдастықтың су қорларына назар аударудағы әлемдік деңгейде суды пайдаланудың қарқынды түрде нашарлауына, суды әрқелкі салаларда пайдаланудың жүйесіздігіне қатысты туындап отыр. Қазіргі таңда дүние жүзі қауымдастығы әлемдік деңгейдегі су дағдарысы таяп келе жатқанын болжап отыр. Бүгінгі таңның өзінде бейбіт және жеткілікті түрде қолжетімді су қорларының азаюы, өзендер мен көлдердегі су сапасының төмендеуін айтып дабыл қағуда [4, 7 б]. Солардың ішінде таза ауыз суы бағалы табиғи ресурс, тіршіліктің кепілі, жер бетін тіршілік етуші барша жан-жануардың арасына байланыстырушы фактор ретінде қарастырылады [5].

Әлемдік қауымдастықтың су қорларына бағалы табиғи ресурс және адамзаттың тіршілік көзі ретінде жаңаша көзқарас танытып, бұл салаға байсалды түрде, халықаралық деңгейде қарай бастауы осыдан бірнеше онжылдық бұрын басталды деуге болады. 1972 жылы Швецияның Стокгольм қаласында қоршаған ортаны қорғау жөнінде БҰҰ-ның Конференциясы өтіп, осы жиын нәтижесінде БҰҰ Даму бағдарламасын құру жөнінде шешім қабылданған болатын. Бұл экологиялық мәселелерді ғана қарастыратын ең алғаш конференция болатын, алайда бұл жиында су мәселесі жеке тақырып ретінде емес, жалпы мазмұнның бір бөлігі ретінде қарастырылды [6].

1977 жылы Мар-дель-Платада су ресурстарына қатысты БҰҰ-ның ең алғаш Конференциясы өтті. Осы Конференцияда таза ауыз суы және санитарияның халықаралық онжылдығын өткізу жөнінде шешім қабылданды. Бұл жолы су мәселесі ынтымақтастықтың жеке-дара тақырыбы ретінде белгіленіп, әлемдегі су ресурстарын зерттеу мен оған баға беру ісі бөлек зерттеу нысанына айналды.

Су саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың дамуындағы маңызды кезеңі болып су қорлары және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 1992 жылы Дублинде өткен Конференцияны атап өтуге болады. Бұл жиын осы салада өткен шаралардың ішіндегі ең жемісті әрі нәтижелісі деп танылады. Осы конференция барысында су мәселесі саласындағы негізгі принциптер қалыптасып, халықаралық ұйымдардың бұдан кейінгі іс-шаралары мен құжаттары осы принциптерге негізделіп отырды.

1992 жылы қоршаған орта және даму жөнінде Рио-де-Жанейро қаласында өткен БҰҰ Конференциясында аталмыш принциптер ода әрі жетілдірілді. Әр жылдың 22 наурыз күнін Халықаралық су ресурстары күні ретінде атап өту де осы жиында белгіленіп, бұл меже 1993 жылдан бері үздіксіз аталып келеді.

Рио-де-Жанейро қаласында өткен БҰҰ Конференциясында су мәселесін әлемдік қауымдастық жұмысының жеке-дара саласы ретінде белгілеуімен қатар, суға қатысты мәліметтерді ресми түрде орталықтандыру сынды бастамалар көтерілді. Су ресурстары жөніндегі мәліметтерді орталықтандыру арқасында халықаралық мамандар осы салада нәтижелі сараптамалар мен болжамдар жасауға мүмкіндік алды. Тиісінше, БҰҰ да жекелеген елдерге және жалпы әлемдік қауымдастыққа су мәселесіне қатысты маңызды ұсыныстар жасауға мүмкіндік алды. 1996 жылы штаб-пәтері Марсель қаласында орналасқан су мәселесі жөніндегі Дүниежүзілік Су Кеңесі (ДСК) құрылып, бұл саланың жұмысы одан әрі жақсара түсті. ДСК тек қана суға қатысты мәліметтерді жинау және орталықтандыру емес, сонымен қатар, су тақырыбы аясында әлемдік деңгейдегі форумдарды өткізу сынды жұмыстарды да

атқарды. Мұндай шараларға үкіметтік емес және үкіметаралық ұйымдардың өкілдері, мемлекеттердің лауазымды тұлғалары, министрліктердің басшылары, тіпті мемлекет басшылары, бизнес өкілдері, ғылым саласының мамандары да қатысады [7]. Су тақырыбы төңірегінде өткізілетін форумдар мен конференцияларға қатысу арқылы әлемдік қауымдастық қазіргі таңдағы су мәселесінің жаһандық сипаттағы маңызды тақырып екенін ресми түрде мойындауда.

2000 жылы БҰҰ мыңжылдық Саммитін өткізіп, онда қабылданған құжатта су қорлары мәселесі де аталып өтті. Атап айтқанда, таза ауыз суы мен тұрмыстық мақсаттарда қолданылатын суға қол жеткізе алмай отырған халық санын 2015 жылға дейін екі есеге дейін азайту керектігі көзделген болатын [8]. Су, қоршаған ортаны қорғау, кедейлік пен ашаршылық деңгейін төмендету – тұрақты дамудың алғышарты деп білген БҰҰ БА 2005-2015 жылдарды Халықаралық «Су – өмір үшін» атты онжылдық жобаны жариялаған болатын. Бұл жобаның негізгі мақсаты – су және сумен қамту саласы бойынша халықаралық деңгейде жүктелген міндеттемелерді іске асыру жөніндегі шараларға жәрдем беру болды.

Су дағдарысы жаһандық сипат алуына орай, бұл мәселе әлемдік қауымдастықтың саяси күнтізбесінен өз орнын алып, бүгінгі таңда бұл салаға үкіметтік емес және үкіметтік структуралардың барлығы да жете мән беріп келеді. Бұл орайда халықаралық ұйымдардың жүйелерін біріктіру мақсатында 1996 жылы құрылған Жаһандық су серіктестігін атап өтуге болады. Бұл ұйымның басты мақсаты – әлемдік деңгейде су ресурстарын бірлесе қолдану принциптерін дамыту және жүзеге асыру, мәлімет және тәжірибе алмасу [9]. Ұйымның штаб-пәтері Стокгольм қаласында орналасқан және әлемнің 14 аймағында жұмыс атқаруда.

Су мәселесі Давос қаласындағы Бүкіләлемдік экономикалық форум аясында да қарастырылады. Сонымен қатар, су мәселелерін реттеуде әйелдердің ұйымдары да елеулі рөл атқарады. Соларың ішінен 2004 жылы құрылған Әйелдер және су ресурстары саласындағы ынтымақтастық (Women for Water Partnership) ұйымын атап өтуге болады. Бұл ұйым әлемдік деңгейдегі әмбебап ұйым болып табылады және 100-ден астам мемлекет шеңберінде жұмысын белсенді атқаруда [10].

Рим Клубының сарапшылары да әлемдік су ресурстарын болжау және зерттеулер жүргізуде өз үлесін айтарлықтай тигізуде. Олар әртүрлі тараптармен бірлесу барысында су қорларына қатысты мәліметтер орталығын құруға атсалысып, БҰҰ-ның су саласына жауапты құрылымдармен бірге жұмыс атқарып отыр.

Бұл ұйымдарға қоса жекелеген аймақтағы аймақтық ұйымдарды, мемлекеттердің ішкі үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарын қосып атауға болады. Мысалы, Араб Мемлекеттерінің Лигасы ұйымына қарасты Қоршаған орта, су ресурстары және тұрақты даму департаментін келтіруімізге болады [11]. Аталмыш департаменттің бастамасымен 2016 жылдың 26-28 сәуір аралығында «Суды өнеркәсіп саласында қолдану мәселелерін зерттеу және дұрыс бағдар беру» тақырыбы аясында Араб елдерінің симпозиумы өтеді. Сондай-ақ, 2006 жылы құрылған Сумен қамтамасыз ету жөніндегі Араб елдерінің бірлестігін (ACWUA) атап өтуге болады. Аталмыш ұйым аясында әр екі жыл сайын Араб елдеріндегі су апталығы, семинарлар, конференциялар ұйымдастырылып тұрады. Бұл бірлестік тарапынан 2015 жылдың 11-15 қаңтар аралығында «Араб өңіріндегі су секторының ұтымды шешімдері мен инновациялар» атты тақырыппен үлкен конференция өткен болатын [12]. Өткен ғасырдың 70-жылдары араб елдеріндегі су қоры азаюының алдын алу мақсатында арнайы «Шөлейтті жерлер мен аридтік аймақтарды зерттеу жөніндегі араб орталығы » деген ұйым құрылған болатын (ACSAD) [13, 21 б].

Жалпы алғанда, жоғарыда аталған ұйымдардың жұмысы мен конференциялар адамзаттың алдағы болашақта тұрақты дамуын қамтамасыз ету және өмірді жақсарту үшін жасалған игі қадамдар деп тануымыз абзал. Аймақтық ұйымдардың, әсіресе БҰҰ-ның трансшекаралық суларға қатысты дауларды шешуде, судың қолжетімділігін қамтамасыз етудегі орны ерекше. «БҰҰ су ресурстары» механизмі аясында өтетін әртүрлі шаралар бүгінде өз нәтижесін беріп келеді. 2015 жылы «Су – өмір үшін» тақырыбымен Тәжікстанда өткен Конференцияның онды нәтижелері соның айғағы.

Алайда, су ресурстары кезкелген ресурстар сияқты, жекелеген мемлекеттің өзіндік меншігінде болуына орай, су мәселесін шешуде үкіметтік құрылымдар шешуші рөл атқарады. БҰҰ не өзге де ұйымның шешімі жүзеге аспай жататын болса, әдетте оның себебін жекелеген мемлекеттің саясатынан іздеген жөн. БҰҰ қарарлары мен сан түрлі конференциялардың нәтижесінде қабылданған құжаттар жекелеген елдің заңнамасы мен саясатына сай келмеген жағдайда жүзеге аспай қалып жатуы кездеседі. Мысалы үшін Иордан өзені аясындағы талас-тартыс, Ефрат пен Тигр өзенінің құқығы сынды бірқатар мәселелер әлі де оңды шешімін толық таппай келе жатыр.

Жалпы алғанда, су тапшылығы, әсіресе ауыз су дағдарысы жекелеген елдердің саясаты мен мүдделеріне емес, барша адамзатқа ортақ мәселе. Бұл тұрғыда әлемдік қауымдастық бірлесе еңбек етіп, тұрақты даму алғышарттарын өздерінің ішкі мүдделерінен жоғары қоюы керек. Халықаралық ұйымдардың жұмысы нәтижелі болу үшін жекелеген мемлекеттер үлкен жиындарда қабылданған құжаттарды жүзеге асыруда белсенділік танытулары қажет.

Бүгінгі таңда су тапшылығы негізінде шиеленістің алғашқы белгілері көрініс тапқан бірқатар аймақтар бар. Мәселен, араб-израиль шиеленісі аясында өткен 21 қақтығыстың 18-і су қорларына қатысты өршіген. Түркияда Тигр мен Ефрат өзендерін аймақтағы тіршілік көзі емес, саяси қысым жасау құралы ретінде қарастырады. Қалай болғанымен, су мәселесі төңірегіндегі тартыстар әзірге ашық түрде «күш қолдану» деңгейіне өтпеген. Бұл орайда халықаралық ұйымдардың және жан-жақты дипломатия тетігін тауып, осындай дауларды халықаралық құқық негізінде шешіп отыратын болса, бұл әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылыққа, артынша сенім мен тұрақты дамуға жетелейтіні даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лихачева А.Б. Дефицит воды как фактор современных международных отношений // Национальный исследовательский университет Высшая школа экономики., Дисс. Москва, 2015.
2. Kehl J.R. Oil, Water, Blood and Diamondstion // International Negotiation #15, - 2010.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, Елбасы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шағын құрамдағы отырысна қатысты. 12.09.2014. (www.akorda.kz).
4. Абрамова И., Фитуни Л. Цена голубого золота // Азия и Африка сегодня, №12, 2008.
5. БҰҰ Бас хатшысының 2010 жылдың 22 наурызындағы «Әлемдік су ресурстарының күніне» орай жолдаған жолдауы. (<http://www.un.org>).
6. Черняховский Э. Водная дипломатия: водные ресурсы мира – основа для выживания и устойчивого развития в 21 веке // Дипломатическая служба. 2009. №2.
7. Дүниежүзілік су кеңесінің ресми сайты: (<http://www.cawater-info-net/int-org/www>).
8. Кожакматова Н. Дефицит водных ресурсов – угроза устойчивому развитию // Обозреватель, 2009. №4.
9. Жаһандық су серіктестігінің ресми сайты: (<http://www.gwpcacena.net/ru/global.htm>).
10. Әйелдер және су ресурстары саласындағы ынтымақтастық ұйымының ресми сайты: (<http://www.womenforwater.org/openbaar/index.php>).
11. Араб мемлекеттері лигасының ресми сайты: (<http://www.lasportal.org/ar/Sectors/Dep/>).
12. ACWUA Сумен қамтамасыз ету жөніндегі Араб елдерінің бірлестігінің ресми сайтынан: (<http://www.acwua.org/ar/node/737>).
13. Мустафа Абдель Азим Мухамед Халиль, Проблема водных ресурсов в международных отношениях на Ближнем Востоке. М: 2005.